

Г.Д. Біләлова 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.
e-mail: gulzat_84@inbox.ru

САРЫАРҚАНЫҢ XIII–XIV (XV) ҒҒ. ОТЫРЫҚШЫ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Мақалада Сарыарқаның XIII–XIV (XV) ғғ. отырықшы мәдениетінің зерттелу тарихы баяндалады. Археологиялық нысандардың көп кездесетін түрі – Алтын Орда кезеңінің ортағасырлық қалалары.

Сарыарқаның ортағасырлық отырықшы мәдениетін зерттеуде үш кезеңді бөліп көрсетуге болады. Бірінші кезең XX ғасырдың екінші жартысын қамтиды. 1946 жылдан Ә.Х. Марғұлан басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының жұмыстарының маңызды бағыттарының бірі Дешті-Қыпшақтың отырықшы мәдениетін зерттеу болады. Сарыарқаның ортағасырлық отырықшы мәдениетін зерттеудің екінші кезеңіне Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Ж.Е. Смаилов жетекшілік жасаған жаңадан құрылып жатқан отрядының зерттеулері жатады.

Сарыарқаның ортағасырлық отырықшы мәдениетін зерттеудің үшінші кезеңі қазіргі кезеңде басталды. Қазақстанда ортағасырлық қалалар мен некропольдердің кең көлемде қазбалары жүргізілді. Сарыарқаның барлық дерлік нысанында күйдірілген кірпіштен салынған кесенелер ашылып, зерттелуде. Қасбеттер мен құлпытастардың декорында әйнекей плиткалар мен өсімдік және геометриялық ою-өрнектері бар көркемқыш (майоликтер) қолданылады. Архитектуралық ерекшеліктеріне қарай кесенелер XIV–XV ғғ. мерзімделеді. Сәйкесінше, Қазақстан территориясында қалақұрылысының қарқынды дамуы мен ортағасырлық мәдениеттің гүлденуі осы кезеңге келеді.

Түйін сөздер: Солтүстік Қазақстан, Сарыарқа, Алтын Орда, Жошы Ұлысы.

G.D. Bilyalova

L.N. Gumilev Eurasian National University, Kazakhstan, Astana
e-mail: gulzat_84@inbox.ru

History research of the settled culture of Saryarka in the XIII–XIV (XV) centuries

The article highlights the history of the study of the settled culture of Saryarka in the 13th–15th centuries. The most massive type of archaeological sites of the Golden Horde are the medieval cities. Three periods can be distinguished in the study of the medieval settled culture of Saryarka.

The first period covers the second half of the XX century. Since 1946, one of the important areas of work of the Central Kazakhstan archaeological expedition, led by A.Kh. Margulan, is the study of settled culture in the country of nomads Dasht-i Kypchak. The second period of study of the medieval sedentary culture of Saryarka includes studies by the detachment of the new building expedition of the Institute of Archeology named after A.Kh. Margulan under the leadership of Zh.E. Smailov.

The third stage in the study of the medieval urban culture of Saryarka started in the modern period. Large-scale excavations of medieval cities and necropolises have been launched in Kazakhstan. Mausoleums made of baked bricks have been discovered and are being studied at almost every site in Saryarka. Glazed tiles and majolica with floral and geometric ornaments were used in the decoration of facades and tombstones. According to architectural methods, the mausoleums date back to the XIV–XV centuries. Consequently, at this time there was a rise in urban planning and the flowering of medieval culture in Kazakhstan.

Key words: Northern Kazakhstan, Saryarka, Golden Horde, Ulus Joshy.

Г.Д. Билялова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана
e-mail: gulzat_84@inbox.ru

История исследования оседлой культуры Сарыарки в XIII–XIV (XV) вв.

Статья освещает историю изучения оседлой культуры Сарыарки в XIII–XV веках. Наиболее массовым видом археологических объектов Золотой Орды являются средневековые города. В

изучение средневековой оседлой культуры Сарыарки можно выделить три периода. Первый период охватывает вторую половину XX века. С 1946 года одним из важных направлений работ Центрально-Казахстанской археологической экспедиции, руководимой А.Х. Маргуланом, становится изучение оседлой культуры Дашт-и Кыпчака. Ко второму периоду изучения средневековой оседлой культуры Сарыарки относятся исследования отряда новостроечной экспедиции Института археологии им. А.Х. Маргулана под руководством Ж.Е. Смаилова.

Третий этап в изучении средневековой городской культуры Сарыарки начался в современный период. В Казахстане развернулись масштабные раскопки средневековых городов и некрополей. Практически на каждом объекте Сарыарки открыты и исследуются мавзолеи из жженого кирпича. В декоре фасадов и надгробий использованы поливные плитки и майолики с растительным и геометрическим орнаментом. По архитектурным приемам мавзолеи датируются XIV–XV вв. Следовательно, на это время приходится взлет градостроительства и расцвет средневековой культуры на территории Казахстана.

Ключевые слова: Северный Казахстан, Сарыарка, Золотая Орда, Улус Жошы.

Кіріспе

Қазақстан территориясы дала, шөл, шөлейт, Тянь-Шаньның тауалды жазықтары кіретін табиғи-ландшафтты аймақтардың әртүрлілігімен сипатталады, осылайша бұл жерде жүріп жатқан тарихи-мәдени процестердің негізгі мазмұнын анықтады. Бұл процестер далалық көшпелі мәдениет пен отырықшы жер өңдеуші оазистердің өзара әрекеттесуіне, байланыстарына және өзара ықпалдастығына байланысты. Сондықтан қазақстандық археологияның дәстүрлі бағыты көшпелі және отырықшы мәдениетті қатар зерттеу болып табылады. Екі әлем бір жүйенің бірін-бірі толықтырып тұратын екі бөлігі ретінде қарастырылады. Ортағасырлық қалалық мәдениет археологиясы Қазақстан археологиясының жетекші бөлімі ретінде XX ғ. екінші жартысында орнықты. Кең көлемде жоспарлы жүргізілген жұмыстар нәтижесінде Ұлы Жібек жолының көптеген қалалары ашылып, зерттелді.

Қазіргі кезде Қазақстанның оңтүстігінің ортағасыр археологиясы Орталық Азияда ең жақсы зерттелген аймақтардың бірі деп айтуға болады. Қазақстанның жер өңдеуші оазистерінің ортағасырлық қалалық археологиясының жетістіктеріне қарағанда далалық аймақтарының отырықшы мәдениетін зерттеу едәуір артта қалуда.

Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазуда негізгі деректер қазақстандық экспедициялардың мұрағат құжаттары, XVIII–XIX ғғ. зерттеушілердің жазбалары, күнделіктері, жарияланымдары болды. Сарыарқаның отырықшы мәдениетінің зерттелу деңгейіне қатысты біз бұрынғыша Ә.Х. Марғұланның 1978 жылғы мақаласының

мәліметтеріне сүйенеміз. Бұл еңбекте ол мәліметтер соңғы жиырма жылда жиналған мәліметтер есебінен кеңейтілген. Қазақстандық ғалымдар жариялаған жинақтар, есептер, жарияланымдар бойынша Сарыарқа территориясында олардың саны 50-ден асады. Олардың ішінде қазба жұмыстары XIX ғасырдан бері жалғасып келе жатқан астаналық қалалар да бар. Даланың қалалық құрылысы мәдениеті мешіт, медресе, ханака сияқты мұсылмандық нысандардың құрылысы бойынша деректер жоқ. Керуен жолдарында болғанына күмән келтірілмейтін керуен сарайлардың өзі Сарыарқаның батысында ғана табылған. Мақаланы жазу барысында тарих ғылымының: хронологиялық, тарихи-салыстырмалы, сипаттамалық жалпығылыми әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талдау

XVIII–XIX ғғ. зерттеушілері Н. Витзен, Г.Ф. Генс, П.И. Шангин, Г.И. Спасский, Д.Г. Мессершмидт, П.И. Рычков, А.И. Левшин олар кездестірген көптеген қоныстар мен қалашықтардың, кесенелердің қалдықтары туралы, олардың ішінде Жошы хан, Алаша хан кесенелері ортағасырлық сәулет өнерінің ерекше үлгілері екендігін жазады.

Сарыарқаның жоғалып кеткен қоныстарының негізгі бөлігі қыпшақ әсіресе, Ақ Орда билеушілері кезінде (XIII–XV) және Қазақ хандығының қалыптасуы кезеңінде қалыптасты. Отырықшы мәдениеттің сақталған қалдықтарынан маңыздылары Ұлытау ауданы Арғанаты тауындағы Домбауыл қалашығы болып табылады. Ә.Х. Марғұланның ортағасырлық қала Орда-базар деп анықтаған, бұнда Әбілхайыр хан Дешті-Қыпшақты отыз жыл басқарған және

осы жерде тиындарын соққан (Маргулан, 1950). Сарыарканың отырықшы мәдениетінің ошақтары туралы «Худад-ал-Аллам» (Қимақ елі және олардың қалалары туралы ойлар) шығармасының авторы Ибн ал Факих, Махмұд Қашғари, Талием ибн Бахр және т.б. жазады. Ұлытау тауының солтүстік етегінде орналасқан Алаша хан қалашығы (Маргулан, 1950: 93) маңызды бекініс болды. Нөгербек Дарасы қалашығы және күшті қапталдық бағаналары бар Басқамыр бекінісі өзіне назар аудартады (Маргулан, 1950: 96). Жезді өзенінің бойындағы Аяққамыр ортағасырлық қамалы Аяққамыр кесенесінің жанында орналасқан, Ақсай қалашығы Кеңгір өзеніне құятын Ақсай өзенінің сағасында орналасқан, Жошы хан кесенесінің маңындағы ортағасырлық ғимараттардың қалдықтары Хафиз Тыныштың жазбаларында Сарайлы немесе Тұрайлы деген сипаттамасы бойынша белгілі (Хафиз, 1983). С.П. Толстов ортаазиялық қалаларды қалыптастырудағы көшпенділердің рөлін көп материалдан байқауға болады деп орынды айтқан. Екі шаруашылық жүйенің далалық аймақтағы мал шаруашылығы мен жер өңдеудің қосылуы қалалардың негізгі бейнесін құрады» (Толстов, 1948).

Дереккөздер кейінгі қыпшақ кезеңінде (XIV–XV) қалақұрылысы ісінің аса дамығандығын атап көрсетеді. Сарыарқа жерінде осы кезеңге жататын көптеген қалашықтар мен археологиялық нысандар сақталып қалды. Олардың ішінде ірілері Алаша хан қалашығы (Орда Қонған), Басқамыр, Аяққамыр, Сарайлы (Хан Ордасы), Тұрайлы, Домбауыл, Топырақ Қорған, Айбас Дарасы, Нөгербек Дарасы, Қаратон және т.б. Бұл қоныстар Ұлытау және Арғанаты тау бөктерлері мен шатқалдарында орналасқан. Дәл осындай қалашықтар Есіл өзені бойында да кездеседі. Олардың ішіндегі белгілері И.П. Шангин атап өткен Оркөшегі, Ормамбет, Аяққайрақты (Шангин, 1820). «Тарих-и Абулхаирхани» еңбегінің авторы Масғұд ибн Осман Кухистани және «Бахр ал-Асрар» авторы Махмұд Уәли Сарыарқада XIV–XVI ғғ. адамдар қоныстанғандығын атап өткен. Масғұд ибн Осман Ұлытау тауында және Сарысу алабында орналасқан бірқатар қоныстар мен бекіністерді атап көрсетеді (Маргулан, 1978: 25). Масғұдтың сипаттамасы бойынша Сарыарканың бас қаласы Орда Базар деп аталған, ол Дешті-Қыпшақтың (Ақ Орданың) екінші астанасы және оның сұлтандарының абыройы болған. Қазір оны Арғанаты тауының батыс жақ етегінде орналасқан Домбауыл деп көрсетеді.

Сарыарканың қалашықтары туралы ақпарат XIV–XV ғғ. Италияндық карталарда кездеседі, оның ішінде 1376 ж. құрастырылған Каталондық дүниежүзілік карта, ағайынды Пицигани (1367) және Фра-Маура (1459) карталары. Картадағы мәліметтер Дешті-Қыпшақпен, Орта Азиямен және Шығыс Түркістанмен сауда жасаған итальяндық көпестер үшін жолсерік карталар ретінде жасалған. Оларда Жайық бойында, Солтүстік Каспий маңында, Сырдарияда, Сарыарқада және Жетісудағы қоныстар, қалалар белгіленген. Каталондық картада шамамен Торғай өзенінің төменгі ағысында Конгликет (Conglicat) немесе Қаңлы-Кент елді мекені көрсетілген, ол Ханка-Киши ал-Идрисиға сәйкес келеді. Каталондық картада Нұра өзенінің төменгі ағысында Ақсикент қаласы көрсетілген, ол Бытығай қалашығының орналасқан жеріне сәйкес келеді (Маргулан, 1978: 17). Ортағасырлық итальяндық картада белгіленген көптеген қоныстар жойылып кеткен. Қоныстар мүжілуден, жауыннан және желден, тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде жойылып кетті. Қамыстан, ағаштан, талдан салынған құрылыстар мүлде жойылып кетті. Бұл туралы кезінде Я.В. Ханыков, Ш.Ш. Уәлиханов, Н.М. Ядринцев және Г.Н. Потанин айтқан. Ш.Ш. Уәлиханов: «Я. Ханыковтың пікірінше Азиядағы қорғандар (бекіністер) ежелгі қалалардың орнында қалыптасты. Бұл қалалардың көп бөлігі қазіргі кездегідей саз балшықтан салынғандары болуы керек мүлде жойылып кетті, себебі саз балшықтан салынған ғимараттар жермен жексен болып жойылып кетеді.

Италияндық карталардың мәліметтерін Пано Карпини мен Рубруктың жазбалары растайды. Олар ортағасырлық Қазақстанда қала мәдениеті моңғол шапқыншылығы кезінде бұзылып, кейін бірте-бірте қалпына келтіріле бастағанын тіркеген. Пано Карпини Ертіс бойындағы және Алакөл маңындағы құрылыстарға назар аударып, «Татарлар қайтадан тек Өміл (Эмиль) атты бір қала ғана салған, Император (Гуюк) бұл жерде үй салған, бізді онда ішуге шақырды. Бұл жерде Батыйдан үлкені, Орда (Ежен) тұрады. Ол барлық билеушілердің үлкені. Ол жерде оның әкесінің (Жошының) ордасы немесе сарайы бар, сарайда оның әйелдерінің бірі тұрады» (Шастина, 1957). Осыған ұқсас орданың қалдықтары және Жошының тоқалдарының бірінің қабірі Кеңгір өзенінің бойында орналасқан, Келін Там деген атпен белгілі.

Рубруктың Сарыарқа топографиясы туралы деректері де қызығушылық тудырады. Бұл

жерлермен ол екі рет жүріп өткен (1253-1254). Бірінші рет Жайықтан Ұлытауға қарай жүрген, одан әрі оңтүстікке Шу өзеніне дейін жүрген, әрі қарай Іле өзені арқылы Алтай мен Қарақорымға қарай жүрген. В.В. Рокхильдің және Ф.М. Шмидтің картасы бойынша оның кері қарай жолы Қарақорымнан Сарай Бату арқылы Орталық және Батыс Қазақстан арқылы өткен. Ол: «Әрі қарай қыста бардық, кері қарай жазда, биігіректе орналасқан солтүстік елдер арқылы қайттық» деп жазған (Шастина, 1957: 228). Рубруктың маршруты аттарды ауыстыруға қолжетімді жерлермен, яғни Орталық Қазақстандағы жылқы ұстаушылардың жайлаулары арқылы өтті.

Қазақстанның орталық бөлігінің археологиялық ескерткіштері жайлы алғашқы жазба дерек Сібірдің XVI–XVII ғғ. жазба деректерінде, сібір жылнамаларында, жаңа жерлерді ашып, көзге түсер және қызықты мәліметтерді хабарлап отырған әскери міндеттер атқарған адамдардың кеңселік жазбаларында шашыраңқы кездеседі.

Сібірді зерттеуші Д.Г. Мессершмидт деректері бойынша тонау қазба жұмыстары көбінесе Қазақстанның солтүстік-шығыс, Көкшетау және Павлодар облыстарында жүргізілгендігі белгілі. Сонымен қатар ол тәңіршілдік дінін ұстанғандардың молалары көп жағдайда текке қазылатындығын, себебі ол жерден «темір және мыстан жасалған заттар табылатындығын» айтты (Радлов, 1902). «Тонаушылар» – Тобыл, Есіл, Ертіс өзендерінің жағалауында қорғандарды тонаумен айналысқан шаруалар артельдері. Д. Мессершмидттің өзі бірқатар қазбалар жүргізген, олардың материалдарын Петерборға жолдаған. Күнделіктерді, сызбалар және мен суреттерді салуда оған швед Ф. Страленберг қызметтік көмек көрсетті. Ол 1723 жылы Швецияға оралып, Ресей мен «Ұлы Татарияның» картасын жасап, «Еуропа мен Азияның солтүстік және шығыс аймақтарының тарихи-географиялық сипаттамасын» жариялады, бұл еңбекте Сібір мен «Ұлы Татарияға ерекше көңіл бөлінді. Жарияланған «Ұлы Татария» картасында Сарыарқаның ескерткіштері және олардың орналасуы туралы құнды мәліметтер бар.

П.И. Рычков Қазақстанның географиясын ғана емес, археологиясын зерттеуге де үлес қосты. Археологияның мәселелері оның бірқатар жұмыстарында, бірінші кезекте «Орынбор топографиясында» көрініс тапты. Сонымен қатар, зерттеушіні ең алдымен мыс, қорғасын және қалайы кендерін өндіру мен балқытудың барлық ежелгі түрлері қызықтырды (Рычков, 1762).

XVIII ғ. соңынан Қазақстанға қызығушылық арта бастады, ол бірқатар саяхаттардан байқалады. Бұл капитан И.Г. Андреевтің, таулы шенеуніктер М. Пospelов және Т.С. Бурнашевтың саяхаттары. И.Г. Андреевтің 1785 ж. жазылған қолжазбасында Қазақстанның географиясы, этнографиясы мен саяси тарихынан бөлек Семей, Шыңғыс, Қарқаралы және Жетісудың археологиясы бойынша материалдар бар (Андреев, 1998).

Қазақстан археологиясы бойынша маңызды материалды 1771 жылы Торғай және Есіл даласында саяхаттаған капитан Н.П. Рычковтың күнделігінен аламыз. Ол Қара-Торғай өзенінің бойындағы үлкен қорғандарды көріп таң қалғандықтан күнделігіне: «...Ежелгі халықтардың үлкен моласы топырақпен көмілген және 15 сажын биікке көтерілген, айналасы 135 сажын» деп жазды. Ол қорғандарды «сақ патшасына немесе батырына тұрғызылған» деп оларды дұрыс мерзімдеген (Рычков, 1772). Ол «Ұлытау тауларынан Ұлы Жыланшық, Қара Кеңгір, Сары Кеңгір, Жезді Кеңгір өзендері ағады, ол жерде осы елді ежелде мекендеушілер игерген алтын және күміс рудалары көп. Бұл жерлерде алтын және күміс рудалардың белгілері бар. Кеңгір өзендері әр жерден бастау алса да бір өзенге бірігіп, Сарысу өзеніне құяды. Осы өзендердің қосылар сағасында Жуан Ана деп аталатын қираған қала жұрты орналасқан. Ол жерде әлі күнге дейін тас үйінділер мен ежелгі ғимараттардың қалдықтары көп. Бұнда Шыңғысханның ұлдарының бірінің астанасы болған деп айтылады» деп жазды (Рычков, 1772: 61).

1815 жылы Н.П. Рычков қарау жүргізген аймақтарда инженер Б.Ф. Герман да болды. Ол да ортағасырлық мәдени қабатқа кезікті, өңделген жердің, суару жүйесінің қалдықтарын, саз балшықтан салынған құрылыс іздері бар төбелерді тапты. Экспедиция қатысушысы инженер Г. Генс Сарыарқаның отырықшы мәдениетінің ескерткіштерін бірнеше топқа топтастырды: саз балшықтан салынған құрылыстары бар отырықшы қоныс қалдықтары, ғибадатханалардың үйінділері, күйдірілген кірпіштен салынған мазарлар, топырақтан тұрғызылған үйінділер – тым ертеректегі қоныс және тас құрылыс қалдықтары, скиф кезеңінің үлкен қорғандары. «Танымал ғимараттар: қамалдар, ғибадатханалар, мазарлар күйдірілген кірпіштен салынған және осы елдің иелеріне тиесілі болды. Қалғандарының барлығы саз балшықтан салынған. Көрнекті ғимараттар кірпіштің кішкене

бөлігі бар табиғи тастан да салынған» деп жазды (Маргулан, Акишев, Кадырбаев, Оразбаев, 1966).

Генс құрылыстың сипатына қарай исламға дейінгі және мұсылмандық кезеңнің құрылыстарын ажырата алды. «Мұсылманшылдыққа дейінгі құрылыстар карниз түрінде салынатындығымен ерекшеленеді. Бұндай құрылыстар Ұлытау тауынан шығысқа қарай Ертіске дейін тауларда, әсіресе Нұра өзенінің бойында, Қорғалжын өзенінің жағасында және Ертіс өзенінен оңтүстікке қарай Кіші Бухаринге дейін (шекараға дейін) кездеседі» деп жазады ол (Маргулан, 1978: 20). Ол «тас мешіттер мен қоныс қалдықтары Торғайда, Сарысуда сонымен қатар Сырдарияда, Каспий мен Арал теңіздерінің арасында (Үстірті, Маңғышлақ), Ембі, Қобда, Ойыл, Елек, Орал және Тобыл өзендерінің бойында кездеседі» деп атап өтеді. Ұлытау даласының құрылыстары мен бекіністері туралы айта отырып, Генс қоныстардың кең аумағында екі немесе үш қабырғамен (дуалмен) қоршалған тас қамалдар бар деп айтады (Маргулан, 1978: 21).

Сарыарқаның алғашқы зерттеушілерінің бірі, 1816 жылы осы ауданға сапар шеккен тау инженері И.П. Шангин Есіл өзенінің жағасында бірнеше қоныстардың қалдықтарын ашты. Жолдыбай көлінің жағасында Байқошқар шатқалында оның тапқан бекініс қабырғалары және Жақсы-Жаңғызтау көлінің жағасындағы топырақ үйінді ерекше қызығушылық танытады. Отырықшы қоныстардың көптеген қалдықтарын И.П. Шангин Аққайрақты және Есіл өзендерінің құйылар сағасында тауып, олардың топографиялық түсірілімін жасады. Олардың арасында бекіністері бар қоныстар тобы болды. Оның төртеуі бір бірінен 2 шақырым арақашықтықта тізбектеле орналасқан, бесінші тізбектен тыс, оның ортасына қарама-қарсы, Аққайрақты өзенінің сағасында, алтыншысы – басқаларынан оңтүстікке қарай Есіл өзені бойымен 2,5 шақырым жоғарырақ орналасқан. Жетінші бекініс қалдықтарын И.П. Шангин Есіл өзенінің бойында Тасөткел өткеліне дейін 30 в. жерде анықтады. Олардың барлығы бұрыштарында біршама созылған, олардың көлемдері 128 x 64 м.

Дәл осындай бекіністерді А.Красовский Нұра, Жақсы Қонға және Кеңгір өзендерінің бойында тіркеуге алған (Красовский, 1868). Қазақстан археологиясы бойынша көп материал М.Красовскийдің жазбаларының әр жерінде кездеседі. Орталық Қазақстанның археоло-

гиялық ескерткіштерін сипаттауда ол өз бақылауларының материалдарын және Сібір казактарының офицерлері дайындаған «Далалық аймақтың топографиялық сипаттамалары» атты қолжазбаны пайдаланды. М. Красовский тарихи ескерткіштерді ғылыми түрде зертеу мәселесін алғашқылардың бірі болып қойғандығын және олардың шығуы мен типологиясы мәселесін алға қойғандығын айта кету керек.

Г.Н. Потанин Ремезов атласының мәліметтеріне түсінік бере отырып, Торғай, Есіл және Сарысу өзендерінің жазығында болған, кейіннен жоғалып кеткен қалалардың тағдырына назар аударады. Ол Ремезовтың картасы бойынша Есіл өзенінің сол жақ жағалауында оның Тесікгор және Тылқара салаларында тас қаланы анықтады (Ремезов, 1882).

Есіл аңғарының тарихи топографиясы халықтың жадында сақталып қалды. Халық аузында Атбасардан төмен орналасқан бекінісі бар қоныстар Оркөшегі, Ормамбет деп аталады, ал олардың пайда болуын Орысханмен Атбасардың маңайында қайтыс болып, Ұлытаудың басына жерленген Токтамыстың қызметімен байланыстырады. Геодезист-топограф И.П. Шангиннің зерттеулеріне сәйкес Нұра өзенінің оң жағалауында ежелгі қалашықтар мен ғибадатханалардың орындары үздіксіз жалғасады. Ол жерде жасыл түсті әйнекеймен қапталған кірпіш табылған (Шангин, 1820: 82).

Бекінісі бар қоныс қалдықтарын 1930 жылы Л.Ф. Семенов Ақмоланың (қазіргі Астана) маңынан Бозоқ жерінен тапты (Маргулан, Акишев, Кадырбаев, Оразбаев, 1966: 77-78).

Сарыарқаның ортағасырлық қоныстарының қалдықтарын зерттеумен Н. Витзен, Д.Г. Мессершмит, Ф. Страленберг, Г.Ф. Миллер, И.Г. Гмелин, И.П. Фальк, Х. Барданес, Рычковтар (әкесі мен ұлы), Я. Гавердовский, Г.Ф. Гене, И.П. Шангин, Б. Герман, Г.И. Спасский, А.И. Левшин айналысты. Олар Сарыарқаның тарихи топографиясына сипаттама берді. Олардың деректері мен зерттеулеріне қарағанда отырықшы қоныстардың қалдықтары Сарыарқаның барлық өзен және таулы жазықтарында кездеседі. Олар Ұлытаудың таулы жазығында, Кеңгір, Торғай, Есіл өзендерінің жазықтарында Сарысу өзенінің төменгі ағысында көбірек шоғырланған. Сілеті өзенінің бойындағы саз балшық пен күйдірілген кірпіштен салынған қоныс қалдықтары туралы И.П. Фальк атап өтеді. Ол: «Ертіс форпостына қарсы Шыңғырлаудан (Утва) 30 верст жерде қазіргі Ақтоғай ауданының

территориясында қайсақтар Тұралбас (нақтырақ: Тұрпарбас) және Хараба деп атайтын тас үйінділер бар. 1746 жылы казактар олардан байлық іздей бастағанда төрт адам үйінді астында қалып қойған, содан бері оларды ешкім қазбайды (Фальк, 1825). Сілеті өзенінің бойында орналасқан күйдірілген кірпіштен салынған қос камал туралы айтылады. Олардың бірі Қараоба, екіншісі Тұлпарба деп аталады. Ол жерде ежелгі суару жүйесінің іздері, ағаштардың түбірлері, тастан қаланған құдықтар бар.

Орта Ордада хан билігі құлағаннан кейін Сарыарқаға ғалымдардың сапарлары жиіледі. 1822 жылдан 1841 жылға дейінгі аралықта мұнда А. Гумбольд, Г. Розе, В. Ледебур, Г.С. Карелин, А.П. Шренк келді. Жаратылысты зерттеушілер мен тау инженерлерін түсті метал өндіретін тау кендері қызықтырды. Олар тапқан ежелгі кеніштердің көбінің баспаға сипаттамасы берілді. XIX ғ. бірінші жартысында қазақ этнографиясы бойынша салмақты зерттеулер пайда болды, губерниялық статистикалық комитеттер өз жұмысын бастады. Олардың есептерінде шаруашылық, рулық құрылым, халық саны мен тығыздығы жайлы ақпарат берілді.

А. Шренк жазып қалдырған Ақмола облысының қазақ қыстаулары туралы мәліметтер ерекше маңызға ие. Оның мақалаларында қазақ қауымының тұрмысы, үй құрылысы, құрылыс материалы, үй-жайлардың жоспарлары, қазақ қыстауларының көлемдері сипатталады. Қазіргі кезде бұл құнды тарихи-археологиялық дерек.

Ұлытау және Жезқазған аудандарындағы Кеңгір және Сарысу өзендерінің алаптарындағы ортағасырлық қалашықтар бұл аймақта осы күнге жокқа шығарылып келген отырықшы мәдениет, суармалы жер өңдеудің дәлелі болып табылады. Тастан, саз балшықтан, күйдірілген кірпіштен тұрғызылған қоныстардың айтарлықтай орындары Есіл өзенінің бойында И.П. Шангин сипаттаған Аққайрақты және Жақсы-Жаңғызтау тобында, Нұра өзенінде Бытығай, Жақсы Қарт үйінділері түрінде, И.П. Фальктың еңбектерінде көрсетілген Сілеті өзенінің төменгі жағында (Қара Оба, Тұлпар Тас) (Фальк, 1825: 58).

П.И. Рычков, И.П. Фальк, Х. Барданес, Г.Ф. Генс, И.П. Шангин және басқалар сипаттаған отырықшы мәдениет ескерткіштерінің XIX ғ. алғашқы жартысында топографиялық түсірілімі жасалып, тіркелген. 1823 жылғы полковник Милорадовичтің Каспий жазығын түсіргендігі туралы журнал, Қаражыра (Кеңгір мен Сарысудың сағасы) жеріндегі, Ұлытау

тауындағы, Жыланшық өзеніндегі архитектуралық ескерткіштер мен бекіністердің сипаттамасы бар, Орталық Қазақстанның оңтүстік-батыс бөлігінің картасы (1840), Гавердовскийдің Қырғыз-Қазақ даласын шолуы, поручик Яковлевтің Торғай даласын топографиялық сипаттамасы және даланың осы аймағын қыстаған қазақтардың қыпшақ руынан жинаған мәліметтері қызығушылық тудырады. Нифантьевтің «Орталық Қазақстанның оңтүстік бөлігінің топографиялық сипаттамасы», Сарыарқа арқылы сауда керуендерімен өткен Мұртаза Файзулиннің жазбалары аса қызығушылық тудырады. Ю.А. Шмидт Сары Кеңгір өзенінің жазығындағы ортағасырлық отырықшы мәдениеттің қалдықтарын зерттеді. Қолайлы географиялық орта мен даланың тығыз қоныстанғандығын атап өте отырып, «бұл мекен ежелден танымал, себебі өзеннің сол жағалауында ойыстарында үлкен көлемдегі бекініс қалдықтары бар» деп жазады (Шмидт, 1894). Дәстүр бойынша Ю.М. Шмидт оны қалмақ бекінісі деп атайды. Шын мәнінде ол ертерек кезеңге жатады және Н. Рычков пен Г.Генс сипаттаған ескерткіштерге бара бар. Жоспары (бөлмелерінің орналасуы) бойынша оның қыш қалдықтары бойынша X–XIII ғғ. мерзімделетін Нөгербек Дарасы қалашығымен ұқсастықтары көп.

Археологиялық ескерткіштер кей жағдайларда қазақ даласының қазіргі жағдайы мен өткен тарихымен қызыққан офицерлердің еңбектерінде көрініс тапты. Ұлытау тауалды жазығындағы Кеңгір өзенінің бойындағы қорғандардың сипаттамалары П.К. Услордың күнделігінде бар.

Генерал-майор Броневский қызмет бабымен Қазақстанды бірнеше рет солтүстіктен оңтүстікке қарай кесіп өткен. Ол Нұра өзенінің бойындағы ескерткіштердің толық сипаттамасын жазып қалдырды. Оның «Нұра өзенінің сағасындағы ұлы қала Татағай немесе Ботақай, Бытығай. ... қаланың кеңістігі 10 верстан үлкен» деген жазбалары ерекше құнды (Броневский, 1830). Қазіргі кезде XIV ғ. жататын бұл қаланың үйінділері Қорғалжын ауылының шетінде көрінеді. 1830 жылы С.Б. Броневский өзінің Орталық Қазақстанға 1825 жылы жасаған сапары материалдары бойынша «Отандық жазбаларда» Сарысу, Нұра өзендерінің жазығындағы және Қарқаралы тауларындағы ежелгі отырықшы мәдениет қалдықтары мақаласын жариялады (Броневский, 1830: 251-252).

Сол заманның зерттеушісі А.И. Левшин өз кітабында тарихи топографияға бір бөлім арнады (Левшин, 1832).

Қазақстан археологиясы бойынша көптеген материал М.Красовскийдің жазбаларында кездеседі. Сарыарқаның археологиялық ескерткіштерін сипаттауда ол өз бақылауларының материалдарын және Сібір казактарының офицерлері дайындаған «Далалық аймақтың топографиялық сипаттамалары» атты қолжазбаны пайдаланды.

XIX ғ. ортасына қарай Сарыарқаның археологиялық зерттеуінде көптеген материал жиналды, негізінен бұл материалдар археологиялық ескерткіштерді алдын ала сипаттау және тіркеу бойынша болды. Әрине сол кездегі ғылымға қандай да бір білікті қазба жүргізу, далалық сызбалар жасау, картаға түсіру және т.б. тән болған жоқ. Бұның бәрі сол кездері болған жоқ, болуы да мүмкін болмады, әсіресе Қазақстанды алғаш зерттеушілерден біз бірде бір кәсіби ғалым-археологтың атын атай алмаймыз. Бірақ, дегенмен бұл адамдардың тарих ғылымына үлесі орасан зор екені күмәнсіз, олардың әрқайсысы өзінің ғалымдық парызын орындады.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанды археологиялық зерттеуде едәуір алға жылжу байқалады, оны ғылыми тұрғыда материалды зерттеудің бастамасы деп қарастыруға болады. Зерттеушілердің қатарында сол заманның ғалымдары В.В. Радловты, П.П. Семенов Тянь-Шанскийді, Ш.Ш. Уәлихановты, Г.Н. Потанинді атап өту керек. Бұл ғалымдардың зерттеулері шынайы бақылаулармен ғана емес, ең бастысы олардың Қазақстан тарихын, географиясын және тарихи топонимикасын білуімен ерекшеленеді. Олар тарихи тұрғыда маңызды бірқатар проблемалық мәселелерді алға шығарды. Өздерінің бақылаулары мен жазбаларының негізінде олар ескерткіштерді тарихи деректерден белгілі тайпалардың тарихымен байланыстырып, классификациялауға тырысты. Белгілі қазақ зерттеушісі Ш.Ш. Уәлиханов ежелгі Қазақстанның ескерткіштеріне аса қызығушылық танытты. Ол осы тақырыпта өзінің арнайы жұмысын жазуға материал жинады. Сарыарқаның ортағасырлық археологиясы үшін Ш. Уәлиханов жасаған Сұлу Там, Сырлы Там кесенелерінің өлшемдері мен сызбалары өте құнды. Кесенелер Нұра өзенінің сағасында орналасты.

1859 жылы Археологиялық комиссия қалыптасты, ол өз алдына Қазақстан территориясын кеңінен археологиялық зерттеу мәселесін

